

Әлкебаева Д.А.

**Функционалды стильдердегі
стереотиптердің
стилистикалық ерекшеліктері**

Мақалада функционалды стильдердің тілдік бірліктерінің қатарына жататын арнаулы сөздер мен стереотип сөздер қарастырылады. Тілдік стереотиптер кешенді ойлау жүйесінің модельдік компоненттерін толықтырушы ретінде сөз сөйлеу қызметінде стереотип – ситуация ретінде қолданылады. Прецеденттік феномен ретінде стереотиптер фрейм – құрылым, клише/штамп, стандартты сөздер ретінде дайын күйінде адам санасында сақталады. Функционалды-стилдік стереотиптер әр стильде мазмұн мәніне қарай сәйкес қолданылады. Сондықтан олардың стилистикалық мүмкіндіктері өте мол.

Түйін сөздер: стереотиптер, фрейм, клише/штамп, стандарты.

Alkebaeva D.A.

**Stylistic features of stereotypes
of functional styles**

This article discusses a steady turnover, speech stereotype of functional styles. Linguistic stereotypes used as additional components of the complex patterns of thought and the situation in speech. As precedent phenomena, the stereotype representation is stored in the mind in the form of a frame structure, edges of which are cliché / stamps. Functional stylistic patterns in each style used in accordance depending on the content. Thus, their stylistic features are extensive.

Key words: Stereotypes, frame, cliché / stamp, standards.

Алкебаева Д.А.

**Стилистические особенности
стереотипов функциональных
стилей**

В статье рассматриваются устойчивый оборот, речевой стереотип функциональных стилей. Лингвистические стереотипы используются как дополнительные компоненты комплексной модели мышления и как ситуация в речи. Как и прецедентные феномены, стереотип-представление хранится в сознании в виде фрейм-структуры, гранями которой являются клише/штампы. Функциональные стилистические стереотипы в каждом стиле применяются в зависимости от значения содержания. Таким образом, их стилистические особенности весьма обширны.

Ключевые слова: стереотипы, фрейм, клише/штамп, стандарты.

**ФУНКЦИОНАЛДЫ
СТИЛЬДЕРДЕГІ
СТЕРЕОТИПТЕРДІҢ
СТИЛИСТИКАЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Функционалдық стильдердің әрқайсысы өз мүмкіндіктерінше тілдік бірліктерді қолданудың өзіндік модельдері мен трансформациясын жасауға ұмтылады. Ол тілдің дамуына және стильді қалыптастыруға ықпал жасайды. Тілдік модельдер мен бірліктер функционалдық стильдердің шеңберінде қарастырылады.

Жалпы халықтық тілдің және ұлттық әдеби тілдің сөздік қорымен арнаулы тілдік бірліктерінің негізінде әр стиль өзінің стереотиптік тілдік бірліктерін қалыптастырады.

Стереотип сияқты штамп, шаблон, клише терминдері лексикология және фразеология, функционалдық стилистика саласында қарастырылуда.

Стилистикалық дайын сөз оралымдарының қатарына жататын штамп, клише, стереотип ғалымдар назарынан тыс қалған жоқ. В.В. Виноградов «Ауызекі сөйлеу стилі туралы адамдар дайын сөз оралымдарымен айта да, жаза да алады» десе [1, с. 26], тұрақты және дайын сөз оралымдарын Н.С. Васильева клише ретінде қарастырады [2.], В.В. Костомаров публицистикалық стильде дайын тілдік стандарттар қолданылады, олар автор мен белгілі әлеуметтік топтың бірін-бірі түсінуін жеңілдетеді дейді [3].

Тілдік клише де негізінен функционалдық стилистика және фразеологияда қарастырылып жүр. Тіл ғылымында клише, стереотип, штамп туралы толық анықтама жоқ. Штамп – стилистикалық боямасы бар сөйлеу құралы, сөз стереотипі психологиялық стереотиппен сәйкес келеді. Қолданушыларға автоматты түрде көмекке келеді, коммуникацияны жеңілдетеді, үнемділікке күш салады, тыңдаушы мен айтушының ойлау энергиясы мен уақытын бағалауға жәрдемін тигізеді.

«Штамп» сөзінің негізгі мазмұндық-мағыналық бірлігіне сөз, сөзтіркесі, сөйлем, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер жатады.

Стилистикалық дайын сөз оралымдарының бірі – стереотип. Стереотип – ұғымдық образ, ол адам санасында орныққан түсінік пен құбылыстың ақиқаттылығы ретінде ассоциацияланып тұрады. Тіпті оны стилистикалық фреймдер ретінде бағалауға болады, ұқсастық сипаттың нәтижесінен де туындаған деп айтуға болады, себебі стильдің қалыптасуындағы экстралингвистикалық, психоәлеуметтік факторлар адам санасында стилис-

тикалық фреймдердің орнығуына тікелей ықпал еткендіктен, стандартты тілдік бірліктер ретінде дайын күйінде қолданылады.

Стереотипті сөз оралымдары функционалдык стильдердің барлық саласында жиі жұмсалады.

Стереотип тілдік контекстер тұрақты қолданысқа икемді бола отырып, стереотип-стереотиптік тарауша түзеді, кішігірім сөздер мен сөз тіркестерінің компоненттерінің қатарын құрай алады, сөйтіп, когнитивті модель құрауға бейімделіп тұрады. Осы модельдер екі типті модельдерден тұрады. Мысалы: оқу керек, сұрақты білу осында әр компонент сөз тіркесінің стереотиптік ашық парадигмасын құрайды да басқа сөздер тізбегіне негіз бола алады, бірінші компонент басқа сөздермен де ауысады, мысалы: жаттап алу керек; жаттап алу маңызды; жаттап алу оңай; жаттап алу өте қажет; жаттап алуға мүмкіндік жоқ т.б. Білу, үйрету, зерттеу, бекіту, анықтау, дәлелдеу деген сөздер тізбегінің де тұрақтылығы көрінеді. Мысалы, мәселе-проблема, заңдылық-жағдай т.б. болып ауыстырылып қолданылады. Осындай бірліктер әр сөздің компонент түзетін белгілі бір қатарлары іріктеліп стереотиптік сөздерге айналады.

Стереотип коммуникативтік актінің контекстінде жазылған белгілі микроситуацияны анықтаудың көрінісі болып табылады әрі субъектінің қызметінің әлеуметтік мәнін тұрақтандыруға арналған дайын тілдік құрылым болып табылады. Н.П. Котюрова стереотиптік тілдік бірліктер өзінің дайын күйінде коммуникативтік актінің күрделі процесін жеңілдетуге де ыңғайлы болып, пайдасын тигізіп отыратындығын айтады [4.].

Кез келген стиль жалпы әдеби тілдік тәсілдерді алады. Олар сол стильдің коммуникативтік процесіне белгілі дәрежеде лайықты, жарамды болып табылады. Қазіргі әдеби тілдің жүйесінде сөздер көбіне еркін, кездейсоқ іліккен жеке компоненттерден емес, дәстүрлі формулаларда шартты орын алатындығы белгілі, қаламгер дайын формулалардың көмегімен айтып та жаза алады.

Функционалдык стильдерде дайын сөз оралымдарының екі түрлі жасалу жолы бар. Біріншісі – орыс тілінен енген, екіншісі – төл тілдің дайын сөз формаларынан жасалуы.

Стереотип көбінесе ғылыми, ресми публицистикалық стильге тән болып келеді. Ғылыми және ресми стильдегі стереотиптік бірліктердің прагмастистикалық рөлі тұрақты. Публицистикалық стильдегі стереотипті бірліктің прагматикалық рөлі жоғарыда аталған екі

стильге қарағанда күрделі әрі қарама-қарсы, себебі қоғам өміріндегі өзгерістер, өмір ситуацияларындағы құбылыстар стереотиптердің ауысып отыруына ықпал етеді.

Публицистикалық стиль ғылыми стиль мен көркем әдебиет стилінің лингвистикалық белгілерін түгел қамтымаса да, сол аралықтағы ең негізгі тілдік-көркемдік амал-тәсілдерді бойына жинақтайды. Сондықтан публицистикалық стильде автор қоғам өмірінің сан-салалы қажетін өтеу үшін дайын тілдік оралымға бейім тұрады, соны пайдаланады, себебі ол стилистикалық категорияларды анықтауға негіз болады.

Публицистикалық стильдегі метафоралық тіркестер темір тұлпар, көгілдір отын, ақ алтын, қара алтын стандартты стереотипке айналғандығы белгілі.

Функционалдык стильдерде клише, штамп, стандарттың бар екендігі, жалпы оның тілдік айналымға еніп кеткендігі туралы зерттеушілер тарапынан талай айтылып келеді, әсіресе, бұқаралық ақпарат құралдарының тілінде, яғни публицистикалық стильде кездесетіндігі заңды құбылыс екендігі белгілі.

Стилистикалық бояуы бәсең дайын сөз оралымдарының бірі – канцеляризм, ресми стильдің тілдік нормасынан да, стилистикалық нормасынан орын ала алады, қазақ тілінде ресми стиль толық орныққанда, уақыт өте олар да тілдікбірлікке толық ене алады, ресми стильдің стильдік белгілерінің межесін айқындап тұрады. Канцеляризмді ауызекі сөйлеу стилінде қолдануға шек қойылады.

Лексика-фразеологиялық канцеляризмге белгілі сөздер мен сөз тіркестері жатады. Төменде қол қоюшылар, жоғарыда көрсетілгендей т.б.

И.Б. Голуб сияқты зерттеушілер кеңсе канцеляризмдерін қолданбай-ақ, оның орнына басқа вариантты сөздерді қолдануға да болады деген пікірлер білдіреді [5]. Осы еңбекте мына типтес мысал келтіріледі. Кәсіпорынның қызметінің жағымсыз жақтары, жіберілген ақауларда болып тұрады. Осы сөйлемдерді басқаша вариантта айтуға болады: Кәсіпорындарда ақау жұмыстарға жол берілмеген, жарамсыз шикізатты өндіруге жол бермеу керек т.б. көбінесе қиындатады дегеннің орнына қиындық келтіреді. Мереке қарсаңында жұмыс қызу дайындық үстінде немесе Мереке қарсаңында жұмыс қызу жүріп жатыр деген сөйлемде етістіктің құрамының есімді-етістікті баяндауыштары белгілі стильдік экспрессияны күшейтіп отырады.

Сөйлеу штампы – жиі қолданылатын мағыналық реңкі солғындаған, эмоционалдык

баяуы бәсең тартқан сөздер тізбегі. Ресми және публицистикалық стильдерде кездесіп отырады. Мысалы: қазіргі уақытта, бүгінгі күнде, маңыздылығын көлденең тартып тұр т.б. Тілдік штамптар сөйлеушінің сөз іздеп жатуын жеңілдетеді. Биылғы егіс алқабының табысы аз болған жоқ; Спорт табысты өтті. Биылғы табысымыз аз емес.

Тілдік стандарттар да дайын қалыптасқан сөз үлгілері болып саналады. Тілдік стандарттар публицистикалық стильде қолданылады, бірақ нақты семантикалық мағынасы мен ойды үнемдеу мақсатында қолданылады және хабарды тез жеткізу үшін пайдаланылады.

Ғылыми стильде тілдік стандарттар хабар жеткізу мақсатын емес, керісінше ғылыми мәтіннің біліктілік сипатының көрсеткіші ретінде алынады, автордың ғылыми тұжырымын оқырманға түсінікті болу мақсатын көрсетеді. Осыған орай, ғылыми стильдегі стереотиптер мәтіннің құрылымдық-композициялық компоненттері ретінде бағаланады, жеке автор қолданысына еш кедергі жасамайды. Сондықтан олар ғылыми стильдің акценттік және бағалау сияқты стилистикалық категориясының мәнерлі мазмұнын құрап отырады.

Ауызекі сөйлеу стилінде: Сәрсенбінің сәтінде, қалтам жұқа, жағдай көтермейді.

Ресми стильде: сенім білдіреді, қызметке тағайындалсын, бұйрық берілсін т.б.

Заң тілінде кездесетін стандартты тілдік бірліктер: қылмыс жасау, айып тағылды,

сотқа тартылды, заң алдында жауап береді, бас бостандығынан айыру.

Ғылыми стильде: алғашқы зерттеу болып табылады, нысаны бола алады, құнды еңбек болып саналады.

Публицистикалық стильде стандартты тілдік бірліктерді В.Г. Кастоморов: «бейтарап нормативтік бояуларға ие болатын сөздер» – деп таниды [3]. Публицистикалық стильде стандартты тілдік бірліктер ресми және ғылыми стильдерге қарағанда прагматикалық мақсатында қарама-қарсы түсінік қалыптасқан, қоғамның әлеуметтік жағдайы, ондағы түрлі өзгерістер мен жаңалықтар ойлау әрекетіне қарама-қарсы құбылыс туғызатын болғандықтан, стандартты сөздердің өзгеріске түсуі заңды құбылыс, себебі публицистикалық стильге қоғамдағы оқиғаның құбылмалы да өзгермелі сипаты ықпал етеді. Кейбір стандартты сөздер қолданыстан шығып жатса, кейбіреулері өзгермейтін «қалыпты» тілдік бірліктер қатарынан орыналады. Публицистикалық стильде стандартты тілдік бірліктер экспрессияға қарсы тілдік құбылыс деп саналғандықтан, экспрессияға стандарт қарама-қарсы тілдік бірлік ретінде қарастырылады. Штамп сияқты тілдік бірліктер бейнеліліктен айырылған, бірақ контексте «автордың» бақылауынсыз қолданыста жиі ұшырасып, стильдердің әрқайсысында қалыпты, автоматты түрде кәдеге асады. Дайын тілдік оралымдар жағымды тілдік-конструктивтік тәсіл ретінде стильдік құралдардың қатарына жатқызылады.

References

- 1 Vinogradov. V.V Stilistika. Teoriya poehticheskoy rechi. Poehtika. – М.: Izd-vo AN SSSR, 1963. – S. 355
- 2 Vasil'eva A.N. Kurs lektsii po stilistike russkogo yazyka: obshchee ponyatie stilistiki. – М., 1976. – S. 140.
- 3 Kostomarov V.G. EHstetstvuyushchie frazerstvo i problema standarty // Vestnik MGU. Seriya zhurnalistiki. – 1968. – № 4. – S. 72-73.
- 4 Kotyurova M.P. Mnogoaspektnost' yavlenij stereotipnosti v nauchnyh tekstah // Tekst stereotip i tvorchestvo termin. – М., 1998. – S. 22-24.
- 5 Golub I. Stilistika russkogo yazyka. – М.: Rol'f, 2001. – S. 448.

Әдебиеттер

- 1 Виноградов. В.В Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. – М.: Изд-во АН СССР, 1963. – С. 355
- 2 Васильева А.Н. Курс лекции по стилистике русского языка: общее понятие стилистики. – М., 1976. – С. 140.
- 3 Костомаров В.Г. Эстетствующие фразерство и проблема стандарты // Вестник МГУ. Серия журналистики. – 1968. – № 4. – С. 72-73.
- 4 Котюрова М.П. Многоаспектность явлений стереотипности в научных текстах // Текст стереотип и творчество термин. – М., 1998. – С. 22-24.
- 5 Голуб И. Стилистика русского языка. – М.: Рольф, 2001. – С. 448.